

«ZIAT» ҒӘО
Астана қаласы



НМЦ «ZIAT»
город Астана

**III Республикалық «Жас ғалым» атты
ғылыми жұмыстар сайысының жинағы**

* * *

**Сборник статей
III Республиканского конкурса
научных работ «Жас ғалым»**

АСТАНА 2016

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

1	Абаева Б., Абильбекова Б.Т. Ұлттық тәрбиедегі тыйым сөздердің мағыналық сипаты	5
2	Алмас А., Токтамысова С.К., Жубанова Ф.Е. Ценурозды түрлі хирургиялық жолмен емдеу тәсілдеріне салыстырмалы баға беру	7
3 ✓	Ақылбекова А.К., Акдаулетова Ж.А. Қазақ тіліндегі үнемдеу құбылысының кірме сөздердегі сипаты	12
4	Алдан А., Шақаман Ы.Б. Қазақ тіліндегі денсаулық мәнді соматикалық қолданыс	16
5	Амангелді Д.Н., Алдабергенова А.Б. “Coca-Cola” –ның адам ағзасына әсері. Тарихи анықтама	19
6	Аруханов Т.К., Калеш ва Г.Е. Усовершенствование клапанного узла детали станка –качалки	21
7	Аяпберген А., Демиденко Р.Н. Проблема взаимоотношенности компьютерной зависимости и агрессивности подростка	26
8	Базилова Г.Е., Аманжулова Ж.А. Жоғары оқу орнында оқыту тәсілдерінің жетілдірілген заманауи түрлері	30
9	Баймұратова Д.Т., Сабыр М.Б. Х.Есенжановтың «Ақ жайық» трилогиясының этномәдени жүйесі	33
10	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Мұхтар Әуезов және балалар әлемі	35
11	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Абай афоризмдерінің тағылымы	36
12	Бейсембаева Д., Табиева Б.А. Жасөспірімдер қылмысы – өзекті мәселе	37
13	Бөкенбай Е.М., Хамбетова А.Қ. Орал қаласы көше атауларының тарихи-этномәдени сипаты	38
14	Быкова А.А., Куделько Т. С. Вклад Казахстана в Победу Великой Отечественной войны	40
15	Вареник Е. С., Харитонович Т.И. Нумерология в нашей жизни	46
16	Губашева А.Х., Назар в Қ. Қ. Жасөспірім шақтағы балалар психологиясына ақпараттық технологияның кері әсері	48
17	Ерланқызы Қ., Орсаяева Р.А. Адам ұрлау қылмыстық құқық бұзушылығымен күрес мәселелері	50
18	Ермоленко М.В., Николаев А.А. Моделирование процесса синтеза диаграммы направленности антенны на основе экспериментальных данных	52
19	Ескалиева М.К., Бегайдарова К.Д. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы жер ресурстарының мониторингі	57
20 ✓	Жантасова Д., Акдаулетова Ж.А. М.Жұмабаев поэзиясындағы автометафоралар	59
21	Ибраев М.К., Исенова Р.И. Законы степи	63
22	Идейтолыға А.А., Алипбекова А.Б. «Жігер» жаясы	67
23	Идоят Т.З., Панжеева М.Д. Қыз еркем, қылығымен көркем	70
24	Исаева А.Б., Төлеуова Р.Н. Батыс Қазақстан облысы, теректі ауданындағы Шалқар көлінің емдік қасиетін бағалау және шалқар сауықтыру кешенін салу	76
25	Карашашев А.Т., Карабаева А.З. «Как улучшить продуктивность мозга».	78
26	Лысогор О.В., Грудини на Т. А. Школьная метеостанция «за окном»	79
27	Мадимарова К.М., Кулбаева Д.Т. «Болашақтың 10 мамандығы»	83
28	Мұратбек О., Имашева А., Ахметова С.Р. Исследование воды в селе Красноармейка	86
29	Мұратова Ә., Аубакирова Р.Т. Қалба жотасындағы қыналардың түр ерекшеліктерін анықтау, зерттеу, танып білу, оларды іс-жүзінде қолдану	90
30	Найдёнова А.М., Дамирова Л.В. О чём говорят глаза	92

болсын, үнемі өзгеріп отырады. Себебі жер телімдері бір санаттан екінші санатқа ауысып отырады. Сондықтан да жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі әр мемлекеттің күрделі мәселесі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж., Игембаева С.К. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы, Алматы 2008.
2. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы. Арыс баспасы Алматы 2002.
3. Батыс Қазақстан облысының жер қорларын 2014 жылы пайдалану (2014.11.01) көрсеткіштері. Орал – 2014.
4. Статистикалық жинақ. БҚС статистика басқармасы, Орал қ., 2012.-160 б.

М.Жұмабаев поэзиясындағы автометафоралар

автор: Д.Жантасова

жетекші: Акдаулетова Жанар Ашимовна

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Авторлық метафоралар оны жасаушыны ерекше поэтикалық, философиялық ойлау қабілеті тән тілдік тұлға ретінде танытады. Философиялық толғаныс пен көркемдік қызмет адам мен оны қоршаған әлемнің болмысын ерекше ұғынумен байланысты. Бұндай ұғыну барысында қалыпты құбылыстар жаңаша қабылданып, өзгеше реңкке ие болады. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы авторлық метафоралар: «өмір – бір құрулы машина», «көмір тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина» және т.б. Ақынның индивидуалдық танымының жемісі болып табылатын тағы бір метафора – «Өмір – шірік шөп» метафорасы: «Тәңірі де жоқ, тәубе жоқ, Өмір деген – шірік шөп, Қай үмітпен қазарсың?» Шірік болатын себебі: тәубесіз адам баласы. құдайын ұмытып харам іс қылады. Басына айналыпкелерін ойламай сатқындық, азғындық жасайды. Барға қанағат қылмай, ашкөзденіп тәубесін ұмытады. Ондайлардың өмірі, ақын ойынша – шірік.

Ақын өлеңдерінде метафоралар көп кездеседі. «Метафора тек ауыспалы мағына емес, ол өзі бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаны бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген. Жібек бау, жынды жүрек, жібек мінез [«Қарындасыма» Шығармалар., 78б.], жібек түн [«Фетше» 97б.], жібек жел, отты сүйіс [«Күміс нұрлы ай» 68б.] жібек тіл [Анама 124б.] метафоралары тек ақын қаламына тән метафоралар.

Соңғы кездері поэтикалық метафораның тағы бір түрі ретінде автометафоралар қарастырылып жүр. Автометафора дегеніміз – ақынның өзін метафорамен көрсетуі.

Қазақ әдебиетінде өзінің інжу-маржан өлеңдерімен өнегелі із қалдыра білген ғажайып ақындардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Кіршіксіз сезім мен пәк махаббатқа толы өлеңдері – ғаламат шабытының көрінісі. Кең кеудесінен нұр болып төгілген лирика иірімдері ақынның армансыз лебізіндей. Мағжан ақын мен оның лирикасы біртұтас егіз дүние болып бірігіп кеткен. Әр ақынның, жазушының өзіне ғана тән жазу стилі мен ерекшелігі болады. Ақын – бұр лирикалық қаһарман, ол өзінің атынан тіл қатып, өлең сөзбен «сөйлейді». Дәл осынау Мағжан Жұмабаевтың «ақындық менін» танытатын өлеңдеріне «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Тәңірі», «Орал тауы», «Түркістан» атты от-жалынды жырларын жатқыза аламыз. Бұл өлеңдерінде өзара тартылып жататын үлкен идеялық желіні байқаймыз. Бір жағынан біз бұл жырларын қуатты лирикаға балаймыз. Мәселен, «От» өршіл рухты өлеңінде:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана табынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от.

Өзіме-өзім табынам, – дейді. Бұдан ақынның арынды асқақтығы айқын аңғарылады. Өзін құдіретті отқа теңей отырып, өзінің «менін» қуатты күшті отпен байланыстырады. Мұнда метафора тәсілінің өте көркем қолданғанын көре аламыз: «өзім – от, сөзім, қысық көзім де – от». Одан кейін мынандай көркем тіркестер кездеседі:

~~Шынында менің өзі де – от.~~
Қысылған кара көзім де – от.
Мен – оттанмын, от – меннен,
Жалынмен мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Мұнда ақын от пен өзінің одан әрі байланыстыра түседі. «Мен – оттанмын, от – менен» деп анықтай түседі әрі от пен өзінің біртұтас бүтін бейнесін жасайды. Демек, ақын дегеніміз ол – от, ал от – дегеніміз ақын. Басқаша айтқанда, от – Мағжан, ары қарай таратсақ, Мағжан – от.

Ал Мағжанның «Пайғамбар» өлеңінде ақын өзін пайғамбарға теңейді:
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімнен Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған Пайғамбар.

Ағыла, ақтарыла өзін жырға қосады. Ақын өзін Пайғамбарға теңей отырып, ақындық қуатпен айналасына, бүкіл әлемге тіл қатады. Өзінің «менін» бүкіл әлемге, жер-жаһанға көрсеткісі келеді. Бұл жырдағы Мағжан ақынның «мені» - пайғамбарлық, пайғамбарлық қылу. Әлемді кара тұманнан, азғындықтан, жамандықтан құтқару. Қуатты өлең жолдарымен ақындық табиғатын жеткізе түседі.

Мағжан Жұмабаевтың атакты жырларының бірі – «Мен кім?». Бұл жырда ақынның «мені» мейлінше айқындала түседі, өрлік рухы шабыт ала түседі.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
... Көкте – Күнмін, көпте нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
... Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.

Аң патшасы арыстанға кім қарсы тұра алады? Ешкім. Демек, арыстан айбатты ақынға кім қарсы тұра алсын?! Ешкім. Сол сияқты жолбарыс қайраттыға кім қарсы тұрсын? Ешкім де. Ақын осынау айбаты мен қайраты жарасқан қуатты күшке айналады. Жалын, Күн, Тұлпар, Арыстан, Жолбарыс – ақынның «мені». Және де Мағжаннан басқа ешкім де бұлай жеткізуі мүмкін емес. Арманы асқақ ақынның қиялы да ұшқыр, асқақ. Табиғаттың небір тылсым күштерін өзіне бағындырады, өзін сол күштерге теңейді, ұқсатады. Осылайша өз ақындық болмыс бейнесін қалыптастырады. Асау жырлары – ақынның осынау болмысын берудің бір жолы.

Мағжан арынды ақын мен асау жырларды ғана тудырушы қаһарман емес. Ол бірде нәзік, бірде айбатты, бірде алау сезім құшқан болса, бірде қап-қара түнек, кек пен ашу. Ақын дүниеде бар барлық күшпен сырласа алады, барлық сезім күйін бастан кеше алады. Сәйкесінше мұның барлығы жырына қоса алады, оларды жырына айналдыра алады. Бір сөзбен айтқанда, ақын өзінің жырына айнала алады. Өлең мен ақын – бір бүтін нәрсе. Оларды ажыратып, бөліп те тастай алмаймыз, өзге бір нәрсені үстіне әкеп қоса да алмаймыз.

Ақынның «Сырым» атты өлеңінде сыршыл әрі мұңға толы әуені еседі.
Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,

Жас баламын – тағы да тез жұбанам.
Күлсем егер, еміс шығып күлемін,
Жылағанда қап-қара қың төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.

Өлең шумағының бойында сыршылдықпен қатар шерменді көңіл-күйдің табы сезіледі. Ақын бір сәтте қуана да, қайғыра да алады. Ол оған кедергі емес. Ақын көңілі бірде суып, бірде ысиды. Бірде күйзеледі, бірде көңілді күй кешеді. Мағжанның мұндағы «мені» жоғарыда айтып отырған қуатты, басқыншыл, өр рухты «мен» емес, лирикалық толқынға үн қосқан, сыршыл сезімі санасын билеген нәзік «мен». Ақын деген осы ғой. Ақындар әртүрлі. Мына күй ақынның нағыз күйі, шынайы бейнесі деп дөп басып айта алмайсың. Олар – көбелек. Бірде бар, бірде жоқ. Бір күндік ғана ғұмырда талай күйде басынан кешіп үлгереді. Келесі «Жас сұлуға» атты өлеңінде де ақындық «меннің» жаңа бір қыры ашыла түседі:

Мен ақынмын – ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.
Мен ақынмын – жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.
...Мен ақынмын – жел жүйрік,
Гуілдеймін, ұшамын.
Мен – ойыншы көбелек,
Көрінген гүлді құшамын.

Ақынның әртүрлі көрсетілген мынау өлең шумақтары ақын бейнесін одан әрі аша түседі. Лирикалық леп пен жүрек қылының қатар қағыс табуы ақынның жырына ырғақ беріп тұр. Ақынның жүрегі – оның ақындығында. Жүрек қалауымен жасаған, қиял ұшқынымен қалаған, қаламмен жазған жырлары Мағжанның ақындық «менін» әр қырынан жасайды. Мынау өлеңінде Мағжанның ақындық «мені» жігерлі көрінеді. Алайда нәзіктің те орын алған: «сылдыраймын, сүйемін». «Сылдырау» мен «сүю» тек Мағжанға ғана тән құбылыс. Алау сезіммен құшу да, өте нәзік, сырлы сезіммен аймалау да «жел жүйрік» ақынға тән.

Ақынның «Сағындым», «Сарғайдым» атты өлеңдерінде сары сағынышқа малынған күйін көрсетеді.

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.
Сонымен қатар:
...Алтын Күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым,
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ақын сағынады, содан келіп сарғаяды, ал оның жұбанышы тек өлең ғана. Өлең – ақынның жан жолдасы. Сағыныш табын өлеңге салудан басқа амал жоқ. Қайғы, мұң-шер «қалың ой – қара жыланға» айналды. Шырағы сөніп, қуаты кеміп бара жатқан ақын жүрек сағынышын өлеңге «мөлт-мөлт» тамшылатып жазумен шектелді. Сезімнің тығырыққа тірелген, ақын жүректің шарқ ұрып, аспандағы ай мен күнге қол созып зарыққан күйі Мағжанның жеңілген ақындық «меніндей». Сырбаз көңілмен сырласа отырып сағыныш күйін баппен жеткізеді. Мұнда сонымен қатар, Мағжанның сағынышқа малынған «мені» көз алдымызға келеді. Жаралы жүректің жарлы әні естіледі.

Ақынды көбелекке теңегеніміз бекер емес екен. Мағжан өзін бірнеше өлеңінде көбелек ғұмырлы тағдырын бөліп-бөліп суреттегенімен «Көбелек» атты өлеңінде толықтай жеткізеді. Көбелек от - жалынмен ессіз ойнайды, кейін ойнап жүріп өлім құшады. Ақын да дәл солай. Сезім атты асау толқынды теңізге бас қойып кетеді де кейін малтығып жүзе алмай батып тынады. Себебі сезімнің жолы қашанда ауыр. Сезімнің қанатына сыймай, өмірде өз